

Мұғалжар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 133 "
Мұғалжар ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін
айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 қарашадағы № 122 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 16 қарашада № 8444 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 5 сәуірдегі № 177 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 05.04.2024 № 177 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Мұғалжар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мұғалжар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 133 " Мұғалжар ауданынның аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5770 тіркелген) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

12 тармақтың 10) тармақшасы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"10) әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу "Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуін өтеу мөлшерін айқындау және қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 295/НҚ (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33200 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар аудандық
мәслихатының төрағасы

Б. Кадралин